$t^{тиім} = (t_1^{тиім},...,t_5^{тиім})$ - жеке нүктелердің температураларын оның жалынды кеңістігінің ұтымды температуралық профилін сипаттайтын мәндері;

θ^g, θ^a - отын шығыны және үрлеу компоненттерінің мүмкін болатын мәндерінің облыстары.

Сонымен бірге, БГМК-ның 6,1 бірл/с болатын жиынтық шығынының орташа мәні 7 %-ға төмендейді [5].

2.7 Шағылдыру пешіндегі басқару жүйесінің айнымалыларын сипаттау

Бірінші және екінші ауаның ауа жібергіштердегі ауа шығынын реттеу үшін орындалатын механизмдерімен дроссельді жапқыштар орнатылған, осы ауа жібергіштердегі ауа шығынын анықтау үшін диафрагмалар орнатылған, қысым айырмасы, олардан басқарушы және тізімдеуші құралға келіп түседі.

Отын - ауа қатынасын автоматты қабылдау бірінші реттеуіш көмегімен шығарылады, оған екі сигнал әсер етеді: отын шығынөлшеуішінен, бірінші ауаның шығынөлшеуішінен. Сигналдардың арақатынасына байланысты реттеуіш дроссельдің орындалатын механизміне әсер етеді, келетін бірінші ауаның көлемін көбейтеді не азайтады. Бірінші ауаның шығынының азаюы жанарғының есеп айырысу шамасымен шектеледі, одан кейін жанарғы көмірдің шаңымен бітеліп қалуы мүмкін.

Отын - екінші ауа қатынасын автоматты қабылдау, әрі газ анализаторымен дәлдеп түзетіледі, егер шегінетін газ құрамындағы оттегі мөлшері берілгенінен өзгешеленетін болса, яғни отынды өртеу сапасы бойынша бақылау жүзеге асырылады.

Температураны автоматты реттеу негізгі параметрлер ретінде шағылдыру пешінің режимін анықтайтын екі нүкте алынған, яғни алдыңғы қабырғадан 8000 мм қашықтықта орналасқан аудан терезесіндегі пештің бастапқы және соңғы нүктедегі температуралары анықталады.

Мұндағы пештің төбесіндегі нүктелердің температураларын анықтау үшін карбофраксалық стакандар қойылған. Нәтижесінде өздігінен жазатын және есепке алатын потенциометрмен сабақтас радиациялық пирометрлер таңдалады. Сонымен бірге, потенциометрлер контроллермен электрлік байланысты болады және атқарушы механизммен басқарылады. Басқа қоректендіргішті айналымдар сан құбылғыш реостаттармен мүшеленген.

Айта кететін бір жайт, өндірістің қай саласында болмасын температура құбылмалы. Яғни, қандайда бір өндірістің температураларын анықтау қажет болған жағдайда, мысалға жобада айталық пеш ішінде жүріп жатқан үрдістің температурасын анықтау қажет, әрине бастапқыда температура тұрақсыз, себебі температура тым жоғары не болмаса тым төмен деген сияқты неше түрлі жағдайлар кездесуі мүмкін. Міне, осындай жағдайларда бірнеше қоректендіргіш айналымдарды және реттегіштерді таңдау арқылы температураны реттейді.

2.7.1 Пештің жұмыс кеңістігіндегі тартым режимін автоматты реттеу

Айналма пештің көмейімен жүретін тартуды және газдардың бөлінісін реттеу үшін шиберлер орнатылған, қызутіректі хромды болаттың бөлек плиталарынан құрастырылған.

Шиберлерді көтеру мен төмен түсіру жай жүретін электрлік лебедкалардың көмегімен жүзеге асады.

Пештегі қысым жиынтық астында алдыңғы қабырғадан 18000 мм қашықтықта орналасқан нүктеде өлшенеді.

Пештің жұмыс кеңістігіндегі қысымды автоматты реттеу үшін бірінші құралмен қысым тартатын түйін орналастырылған, одан импульс қысым реттеуішімен байланысқан екінші құралға беріледі.

Тапсырмаға байланысты импульсті ала отырып қысым реттеуіш реверсивті лебедканың магнитті жібергіштерін қосады, ол айналма пештің көмейінде орналасқан шиберді қозғалысқа әкеледі, сонымен тапсырмаға сәйкес пештегі қысымды өзгертеді. Шибер жағдайы шеткі ажыратқыштармен аударылады [6].

2.8 Шағылысу пешіндегі технологиялық жүйелерді модельдеу

Келесі кезең болып кіру айнымалыларымен жергілікті реттеу жүйесін зерттеу болып табылады, ол ең аз уақыт ішінде басқару объектісін үйлесімді режимге шығаруға мүмкіндік береді. Пештегі температураны реттеу үшін басқарушы әсер етуді таңдау арқылы отын мен ауаның шығынын өзгерту.

Бұл канал бойынша объект тапсыру функциясына ие:

$$W_0(p) = \frac{k \cdot e^{-p\tau}}{T_1 \cdot p + 1}, \qquad (2.17)$$

мұндағы τ - кешігу уақыты;

k - күшею коэффициенті;

T_1 - объект уақытының тұрақтысы.

Пештегі температураны реттеу үшін ПИ - реттеуіш таңдалған

$$W_0(p) = K_p(1 + \frac{1}{T_u \cdot p}\}, \qquad (2.18)$$

$\kappa_П$ және $\kappa_И$ реттегіштердің коэффициенттерін реттеу, яғни реттегіш коэффициенттерін таңдау белгілі бір шектеулерден аспауы керек. Ол шектеулер реттегіштің техникалық сипаттамасында көрсетілуі тиіс (пропорционалдық коэффициенті мен изодром уақыты).

Біздің жағдайда П-реттегіштің параметр өлшемдері

$$[к_П] = \left[\frac{м^3}{с} \cdot \frac{м^3}{кмоль}\right] = \left[\frac{м^6}{с \cdot кмоль}\right]$$

түрінде болады.

И реттегішінің өлшемдері

$$[к_И] = \left[\frac{м^3}{с} \cdot \frac{м^3}{кмоль} \cdot \frac{1}{с}\right] = \left[\frac{м^6}{с^2 \cdot кмоль}\right] = \frac{[к_П]}{[с]}.$$

Объекттің динамикалық параметрлерін анықтау үшін отын шығынының каналы бойынша шағылысу пешінің екпін қисығы алынды - пеш басының температурасы. Екпін қисықтарын алу барысында келесі ережелер сақталды:

а) ашу кернеуі түсірілмес бұрын негізгі режимді параметрлер мүмкіндігінше тұрақтандырылды;

б) ашыну әсері мынадай көлемде таңдалды, алынған мінездемелер пайдалану режиміндегі кіру шамаларының мүмкін кездейсоқ ауытқуларынан ерекшеленуі керек;

в) сатылыға жақындатып ашу кернеуі мүмкіндігінше тез тасылды.

Осы айтылғандарды тәжірибе жүзінде қолданып, яғни Vissim программасын қолдану арқылы үрдістің қандай жағдайда бақыланатындығына көз жеткіздім. Ендеше қысқаша түсініктеме беріп кетейін:

Пештегі температураны реттеу үшін басқарушы әсер етуді таңдау арқылы отын мен ауаның шығынын өзгерту. Яғни, негізгі кірістерге отын мен ауа берілген. Екі шығынды өзара байланыстырып, мысалға шарпу пешіне байытылған оттекті үрлеу (оттек алдымен 1000-1100^{0}С-қа дейін қыздырылады) пештегі температураны 1000-1100^{0}С-қа тұрақтандыру (сәйкестендіру) керек. Ол үшін $к_П$ және $к_И$ реттегіштері таңдалады. Себебі, реттегішті таңдау арқылы біз объектіге дұрыс сигнал бере аламыз.

Берілген деректер:

Объектінің динамикалық сипаттамасы: $к = 12$; $T = 80с$;

ПИ реттегішінің коэффициентері: $к_П = 0{,}005$; $к_И = 0{,}11$.

Объект құраушы бөлімнің беріліс функциялары төмендегіше жазылады

$$W_a(p) = \frac{12}{80p + 1}, \tag{2.19}$$

Таза кешігу үзбесі үшін

$$W_з(p) = e^{-20p}, \tag{2.20}$$

Кешігуі бар үзбенің $W(p)$ беріліс функциясын шығару (2.19) және (2.20) беріліс функцияларын дәйекті түрде қосылғандықтан қосындысы ретінде пайда болады

$$W(p) = W_a(p)W_з(p) = \frac{12}{80p+1}e^{-20p}, \qquad (2.21)$$

ПИ реттегішінің беріліс функциясы

$$W_p(p) = 0{,}005\left(1+\frac{1}{0{,}11}\right), \qquad (2.22)$$

Нұсқаулар:

1) Сапаның интегралды бағасымен, алдыңғы жаттығудан модельдеу нәтижелері бойынша реттегіштің орнықтылыққа келтіру параметрлерін таңдауға пайдаланамыз.

2) Реттегіш жүйесін реттегіштің орнықтылыққа келтіруінің тұрақты параметрлерінде және объектінің кешігу уақытының әр түрлі шамасына модельдеу. Модельдеулердің нәтижелерін салыстыра отырып, кешігудің параметрлері үдеріске тигізетін әсерін байқау.



2.2 Сурет - MatLab программасында құрылған моделі

Кешігуі бар біріштілікті объектінің АРЖ-сінің моделін MatLab ортасында құрып, оның жұмысымен толық таныстым. Бұл жымыстың нәтижесінде пештегі температураны тұрақты ұстап тұру үшін $К_и$ және $К_п$ реттегіштердің коэффи-циенттерімен орнықтылыққа келтірдім және кешігу уақытының үдеріске әсерін бақыладым. Қорыта келгенде, менің тәжірибе жүзінде қарастырған моделім өз нәтижесін қанағаттандыра алды [7].

Реттеуіш күйге келтіруінің сандық іздестіру кезінде тапсырманың барлық кезеңдері - жүйеде өтпелі процесті алу, сапаның интегралдық критериін есептеп

шығару және оның барынша азайтылуы сандық әдіспен шешіледі. Реттеу жүйесіндегі өтпелі процесс тілейтін сандық процесс көмегімен алынады.

Осылайша функция экстремумын іздеу қажет, оның талдау мәні белгісіз. Бұл есепті шешу үшін экстремум іздеудің итерациялық алгоритмін пайдалануға тура келеді, бұл жағдайда Давидона-Флетчера алгоритмі.

Бұл алгоритм жергілікті экстремумді іздеудің ең тиімді әдістер класына жатады. Бұл класқа квазиньютондық деп аталатын әдістер жатады. Бұл әдістерде функцияның кему бағытын анықтау үшін бұл функцияның Тейлор қатарына жіктелу бөлігін пайдаланады. Дәлелдер кеңістігінің кезекті нүкте төңірегінде мақсатты функцияның жуықтатуын алып оның минимумын табу қажет, экстремумның сол немесе басқа шарттарын пайдаланамыз. Жіктелудің шаршылы бөлігі сапа критериінің сызықты емес функциясын анағұрлым дәлірек жуықтайтын болғандықтан, мысалы, сызықтыға қарағанда, онда екінші ретті әдістер бірінші немесе екінші ретті қатар әдістеріне қарағанда тезірек үйлеседі.

Итерациялы оңтайландыруға мұндай тәсілдің жоғары тиімділігі айтарлықтай шығарылатын қиындықтармен байланысты. Квазиньютондық әдістерде екінші туындының матрицасы дәлелдер кеңістігіндегі ағымдағы және алдыңғы нүктелердегі бірінші туындылардың мәндерін қолданумен жуықталады. Осылайша бұл алгоритмдер қарапайым градиентті әдістердің шығару оңайлығын біріктіреді және екінші ретті әдістердің жоғары ұқсастығын біріктіреді.

Бұл алгоритмдер келесі көрініске ие

$$\Phi^{\kappa+1} = \Phi^{\kappa} - \gamma_k \cdot H_k \nabla j(\Phi^{\kappa}), \qquad (2.23)$$

мұндағы Φ^{κ} - k-итерацияның ықшамдау параметрлерінің векторының мәні;

$\nabla j(\Phi^{\kappa})$ - сапа функциясының градиенті;

γ_k - қадам шамасының векторы;

$$\gamma_k = \arg\min\{\psi(\gamma) - j(\Phi^{\kappa} - \gamma \cdot H_k \nabla j(\Phi^{\kappa})), \gamma \geq 0\}, \qquad (2.24)$$

мұндағы k=0, 1 …

H_k матрицасы рекуррентті әдіспен мағлұматтар негізінде қайта саналады, k-итерацияда алынған, сондықтан

$$H_k - [V^k][(\Phi^{\kappa})]^{-1} \to 0.$$

Осылайшы, әдістер шекте ньютондыққа ауысады, бұл олардың атауын түсіндіреді.

Давидон-Флетчер-Пауэл алгоритмінде, H_k матрицасының шаршылы жинақтылығына ие, мына формула бойынша қайта есептеледі

$$H_{k+1} = H_k - \frac{H_k y^k (y^k)^T H_k}{H_k y^k, y^k} + \gamma \frac{R^k (R^k)^T}{R^k, y^k}, H > 0\},$$

$$H_{k+1} = H_k - \frac{H_k y^k (y^k)^T H_k}{H_k y^k, y^k} + \gamma \frac{R^k (R^k)^T}{(R^k, y^k)}, H > 0,$$

мұндағы

$$R^k = -\gamma \cdot H_k \nabla j(\Phi^\kappa),$$

$$y^k = \nabla j(\Phi^{\kappa+1}) - \nabla j(\Phi^k).$$

Глобальды экстремумды табу үшін оңтайландыру параметрлерінің қолайлы бастапқы жақындауын анықтау керек - реттеуіш күйге келтіруінің коэффициенттері. Бұл сөзсіз оңтайландыру алгоритмі, яғни мұнда ізделіп жатқан параметрлерге ешқандай шектеулер қойылмаған. Біздің тапсырмамызда реттеуіштің күйге келтірулері критерияларды ықшамдамау қажет, сондай-ақ тұрақтылық шарттарын қанағаттандыруы керек. Осылайша, олар шектелген және бұл шектеулер Гурвиц айырғыштарының оңдығында, яғни теңсіздік мінезі бар.

Бұл шектеулерді келесі түрде ескеруге болады. Сапа критериясын азайтудың бастапқы тапсырмасын: $J(\Phi) \to \min_{\Phi}, \Phi \in \Phi$ бірпараметрлі функцияның сөзсіз азайту тапсырмасымен ауыстырайық

$$\min M(\Phi, \beta) = j(\Phi) + \beta\psi(\Phi), \ \beta > 0.$$

мұндағы $\psi(\Phi)$ функциясы келесі қасиетке ие болуы керек: $\psi(\Phi) = 0$ мүмкін болатын параметрлердің барлық мәндері үшін, яғни реттеуіштің күйге келтірулері, тұрақтылық шарттарын қанағаттандырады және $\psi(\Phi) > 0$ параметрлердің барлық мәндері үшін, тұрақтылық шарттарын бұзады.

Осылайша, есепті шығару барысында шектеулерді бұзған үшін айыппұл «төлеу» қажет болады, яғни ықшамдалатын функция айыппұл мүшесіне үлкейтіледі, және оңтайландыру алгоритмі бұл облысты тастап кетуге ұмтылады.

Айыппұл функциясының тапсырмасының көптеген әдістері бар, айыппұл ретінде шаршылы функцияны таңдау:

$$\begin{cases} \psi(\Phi) = \Delta_{i^2}, \ \Delta_i \le 0, \ i = 1,...,n \\ \psi(\Phi) = 0, \quad \Delta_i > 0 \end{cases}$$

мұндағы Δ_i - Гурвиц айырғышы;

n - сипаттамалық теңдеу реті.

Егер жүйеде кешігу элементі бар болса, онда трансцендентті шаманы Паде қатарына жіктеу арқылы алгебралық түрге келтіреміз:

$$e^{-p\tau_{об}} \approx (1-0.5p\tau_{об})/(1+0.5p\tau_{об})$$

Алшақ тұрған жүйенің тапсыру функциясы мынадай көрініске ие:

$$W(p) = W_{об}(p) \cdot W_p(p)$$

және тұйықталған сипаттамалық теңдеуі

$$Q(p) = 1 + W(p) = 0.$$

Объект параметрлерін біле отырып, $T_{об}$, $\tau_{об}$ және коэффициенттерді дифференциалды оператор деңгейі бойынша топтастырып, сипаттамалық теңдеуді мына түрде алуға болады:

$$a_0 p^n + a_1 p^{n-1} + ... + a_n = 0,$$

Бұл теңдеуде $a_n,\ldots,a_0$ коэффициенттері реттеуіш күйге келтірулерінің параметрлеріне K_p, T_u, T_g байланысты болады. бұл параметрлерді келесі шарттан жиыстыру қажет, сипаттамалық теңдеу коэффициенттері Гурвиц тұрақтылық критериін қанағаттандыру керек.

Ары қарай теңдеу шешімінің ыңғайлылығы үшін Коши тапсырмасы түріне өзгертіледі, яғни деңгей жүйесінің динамикасының теңдеуі бірінші ретті теңдеулер жүйесіне келтіріледі. Бұл үшін операторлы теңдеуді реттік дифференциалды теңдеу түріне көшіріп жазамыз және оны үлкен туындыға қатысты көрсетеміз:

$$y^{(n)} = f(t, y_1, y_2, ..., y_{n-1})$$

Бұдан әрі жаңа айнымалылар еңгіземіз:

$$y_1 = y',$$

$$y_2 = y'',$$

$$y_{n-1} = y^{n-1}.$$

Теңдеуді балама жүйе түрінде көшіріп жазамыз:

$$\frac{dy}{dt} = y_1,$$

$$\frac{dy}{dt} = y_2,$$

$$\frac{dy_{n-2}}{dt} = y_{n-1}, \qquad (2.25)$$

$$\frac{dy_{n-1}}{dt} = f(t, y_1, y_2, ..., y_{n-1}),$$

$$0 \le t \le t_k.$$

Бастапқы теңдеуге қарағанда жүйені шешу оңайырақ. Мұндай жүйелерді шешу үшін көптеген сандық әдістер шығарылған. Мына жағдайды ескерсек, сапа критериінің сандық оңтайландыруының әрбір итерациясына реттеу келетін болса, тапсырманы бірнеше рет шешу керек. Сондықтан дифференциалды теңдеу жүйесінің шешу алгоритмін жүйені тезірек есептеп шығаратындай етіп таңдау қажет. Мұндай алгоритм болып Эйлер әдісі саналады.

Бұл әдіс бойынша жүйенің әрбір теңдеуінің шешімі рекурентті формула бойынша табылады:

$$y_{i+1} = y_i + \mathrm{h}\ f(t_i, y_i), \quad \mathrm{i} = 0,1,...$$

i - итерация нөмірі.

Әдістің шамалы дәлдігі мына жағдаймен есесін қайтарады, сапа критериінің экстремумын іздеген кезде біз итерацияның көптеген санын жасай аламыз, егер біз жүйе шешімінің әдісін қолданған жағдайына қарағанда [8].

Жүйенің дифференциалды теңдеулік шешімінің алгоритмін таңдағаннан кейін сапа критериінің интегралды түрін анықтау қажет. Мысалы, критерий тапсырмасының болжалды бағдарламасы келесі түрде:

$$F_1 = \int_0^{t_k} \{[Y(t) - Y_3]^2 \cdot C_1 + [Y'(t)]^2 \cdot C_2\}, \qquad (2.26)$$

мұндағы C_1, C_2 - салмақ коэффициенттері.

Бірінші қосылғаш реттеу объектісінің берілген мәннен шығатын шамасының жалпы ауытқуын бағалайды, ал екінші өтпелі процестің «ауытқулығын» бағалайды. Жалпы алғанда критериді барынша азайту шығатын шаманың ең аз ауытқулары кезінде объекттің берілген режимге тез шығуын қамтамасыздандырады.

Реттеудің локалды жүйелерін күйге келтіруін есептеу- реттеудің локалды жүйелерін кіріс айнымалылармен тексеру, ол аз уақыт ішінде басқару объектін тиімді режимге шығаруын қамтамасыз етеді. Пештегі температураны реттеу үшін басқарушы әсер ретінде - отын шығынының өзгеруі таңдалды.

Осы арна бойынша объект мынандай беріліс функцияға ие болады:

$$W_0(p) = \frac{k \cdot e^{-p\tau}}{T_1 \cdot p + 1}, \qquad (2.27)$$

мұндағы τ- кешігу уақыты;

k- күшейткіш коэффициенті;

T_1 - объект уақытының тұрақтысы.

$$W_0(p) = K_p(1 + \frac{1}{T_u \cdot p} + T_g p), \qquad (2.28)$$

Объектінің динамикалық параметрлерін анықтау үшін, пештің бас жағын дағы отын - температура шығыны арнасы бойынша шағылысу пешінің қисық екпіні алынады. Қисық екпінді алған кезде келесі ережелер сақталды:

а) қоздыру әсерін келтіруге дейін, негізгі режимдік параметрлер мүмкіндігі бойынша тұрақтандырылған;

б) қоздыру әсерінің шамасы − алынған сипаттамалар, пайдалану режиміндегі кіріс шамалардың кездейсоқ мүмкін тербелістерден ерекшелінетіндей етіп таңдалады;

в) қоздыру әсерін сатылыққа жақын етіп мүмкіндігінше тез жасалды.

Реттеуіштің күйге келтірулерінің есептелу алгоритмі

Блок 1. Келесі мәліметтерді енгізуде мыналарды жүзеге асырылады:

- Дифференциалды теңдеулер жүйесінің бастапқы мәндері, бастапқы уақыт мезетінде мәліметтер сипаттамалық теңдеудің барлық туындылар мәніне сәйкес келеді;
- сипаттамалық теңдеудің реті;
- реттеуіш коэффициентінің бастапқы жақындаулары.

Блок 2. Таңдалған апериодты реттеу объектісі үшін кешігумен реттеуіш күйге келтіруінің бастапқы жақындау ретінде кестені қолдануға болады:

- $K_{об}$, $T_{об}$ коэффициенттері;
- реттеуіш коэффициенттерінің сандары;
- объекттің кешігу уақыты;
- өтпелі процестің графигін тұрғызудың масштабы;
- уақыттың ақырғы мезеті, бұған дейін өтпелі процесс қарастырылады.

Бұл шаманы мына есеппен таңдау керек, бұл сәтке дейін процесс орналастыру режиміне шығу керек.

Блок 3. Реттеудің сапаның интегралды критериін есептеп шығару жүзеге асырылады.

Блок 4. Реттеуіш коэффициенттерінің үйлесімді мәндерінің итерациялы іздеуі жүзеге асырылады. Бағдарлама қоспастан бұрын шешімнің қажет болатын нақтылығын және ықшамдалған функцияның дәлелдерінің көбею шамасын ұсыну керек, сандық мәндер мен дербес туындыларды есептеп шығарған кезде.

Блок 5. Табылған мәнді тұрақтылыққа тексереді, яғни сипаттамалық теңдеудің коэффициенттері Гурвиц критериін қанағаттандыра ма жоқ па.

Блок 6. Бұл жағдайда, егер Гурвиц тұрақтылығының қандай да бір шарты бұзылса, айыппұл функциясын құрады, мүмкін мәндерден Гурвиц айырғыштарының ауытқу мәніне пропорционалды.

Блок 7. Берілген нақтылыққа қол жеткізген жағдайда оңтайлы коэффициенттер іздеу рәсімінің тоқтауын жүзеге асырады.

Блок 8. Өтпелі процестің график шотының нәтижелерін шығаруын жүзеге асырады. Реттеу сапасының интегралды критериінің мәндері, тұрақтылық шартын бұзған үшін айыппұл мәндері және реттеуіш коэффициенттерінің оңтайлы мәні.

2.9 Ақпараттық қамтамасыз ету

Ақпараттық жүйе технологиялық процестің өтуі туралы ақпараттың бастапқы өңделуі мен жиналуын қамтамасыз етеді, жабдықтама жағдайы және оны дайын түрде беруді, басқа қосалқы жүйелермен пайдалану үшін.

Ақпараттық қосалқы жүйенің тиімділігі ұйым жолының еңгізуі мен ақпаратты қайта өзгертуге, оны басқа қосалқы жүйелерге беруге байланысты. Қосалқы жүйелермен шешілетін тапсырмалар функционалды тағайындауы бойынша келесі топтарға бөлуге болады: жинау және сұрастыру тапсырмалары, сұрастыруды жүзеге асыратындар және ақпарат пен тіркеуді жинастыру, оператор команда қабылдауларын және процесс жағдайы туралы ақпаратты шығаруды қамтамасыз етеді; жөндеу және деректер массивін жасау тапсырмалары, аналогты және тірескен датчиктердің жөнделуін, ақпаратты массивтердің жасалуын орындайды.

1) Кіру аналогты сигналдары:
- пештегі температура;
- шығатын газдар температурасы;
- бірінші ауаның қысымы;
- оттегіні беру кезіндегі қысым;
- екінші ауаның қысымы;
- компрессорлық ауаның қысымы;
- пештегі қысым;
- бункердегі көмір шаңының деңгейін өлшеу;
- бірінші ауаның шығыны;
- оттегінің шығыны;
- екінші ауаның шығыны;

- шаң-ауалы қоспаның шығыны;
- көмір шаңының шығыны;
- атқарушы механизмдердің орналасуы.

2) Дискреттік кіру сигналдары:
- М/Д басқару кілттерінің орналасуы.

3) Дискреттік шығу сигналдары:
- атқарушы механизмдермен реттеу.

2.10 Техникалық қамтамасыз ету

Басқару жүйесінің автоматтандырудың кез келген объектісімен техникалық жабдықтарды таңдауға талаптар қатары қойылады: техникалық, ақпараттық, математикалық және экономикалық.

Техникалық қамтамасыз етуге келесі талаптар қойылады: басқару жүйесінің негізгі есептерін барынша тезірек шешу, операторлардың және күтуші персоналдың техникалық жабдықтар жиынтығымен бірыңғайланған тілдесулері, түрлі техникалық жабдықтамалардың арасында ақпараттық түйісулердің болу мүмкіншіліктері.

Негізгі техникалық талаптарға мыналар жатады: өнімділік, басқару есептерін уақытында шешу үшін қажет; пайдалану мен қызмет етудің жеңілдігі.

Мыс концентраттарының балқу жүйесінің автоматтандыруды игеру кезінде 32 аналогты кіру сигналдары, 11дискретті кіру сигналдары және 11 дискретті басқару сигналдары алынды.

Техникалық жабдықтар жиынтығына қойылатын талаптардан шығатыны, SIEMENS фирмасының SIMATIC жабдықтардың бағдарламалық жүйесі таңдалды, металлургияда ТҮАБЖ құру үшін арналған.

Басқару және бақылау жүйесі SIMATIC S7-300 бақылаушыларында ET-200M орталықсыздандырылған модульдермен жүзеге асырылды. Бақылаушыладың модульді құрылымы, орталықсыздандырылған басқару жүйесі негізінде іске асыру жеңілдігі, мәжбүрлеусіз салқындатудың пайдалану мүмкіндігі берілген бақылауышты пештің жылу режиміндегі автоматты реттеу жүйесінде қолдануға рұқсат етеді.

S7-300 бақылауыштары функцияның кең жиынтығымен жабдықталған, оны ең жоғарғы дәрежедегі деңгейде бағдарламаны жазу процесін оңайлатады, пайдалану процесіндегі қызмет ету мен ретке келтіруі:

- жоғарғы тез қызмет ету: нұсқаулықты 0,3 минутқа дейін орындау;
- жүзу үтірімен математиканы қолдау;
- күйге келтіру параметрлерін оңай анықтау;
- адам-машиналық интерфейс;
- диагностикалық функциялар;
- парольды қорғау;



2.3 Сурет - Реттеуіштерді күйге келтірудің сандық әдіспен тағайындалған алгоритмінің блок-схемасы

- жұмыс режимдерін таңдау кілті.
- S7-300 бақылауыштары түрлі коммуникациялық интерфейстермен жабдықталған:
- PROFIBUS және Industrial Ethernet желілеріне қосу үшін CP -345-3, CP - 343 - 1, CP - 343 - 1 TCP коммуникациялы процессорлары қолданылады;
- CP340 коммуникациялы процессоры PPI интерфейсіне қызмет көрсету үшін арналған;
- Әрбір орталық процессорына көпнүктелі интерфейс MPI орнатылған, PG, IBM және басқа жүйелерді SIMATIC S7, M7, C7 қосу.
- SIMATIC S7-300 ақпаратты берудің түрлі әдістерін пайдалануға рұқсат береді:
- глобалды мәліметтерді пайдаланумен желілік бақылауыштары арасында циклдық алмасу;
- үзу бойынша коммуникациялық блоктарды пайдаланумен мәліметтер бойынша желілік алмасу.

SIMATIC S7-300 бақылауышының құрамына кіреді:

1) CPU 315-2DR орталық процессоры;

2) IM 153-1 for ET 200M PROFIBUS-DR модулді интерфейс;

3) SM 321, 16 DI, DC 24 V дискретті сигналдарды кіргізуге арналған сигналды модулі;

4) SM 322, 16 DO, DC 24 V дискретті сигналдарды шығаруға арналған сигналды модулі;

5) SM 331, isolated, 8 outputs аналогты сигналдарды кіргізуге арналған сигналды модулі;

6) SM 331, isolated, 4 outputs аналогты сигналдарды шығаруға арналған сигналды модулі;

7) IM 365 интерфейсті модулі;

8) PS 307 - 1B; 10A; AC 120/230 V, DC 24 V блок қуат көзі модулі;

9) PS 307 - 1B; 5A; AC 120/230 V, DC 24 V блок қуат көзі модулі;

CPU 315-2DR орталық процессоры автоматтандырудың комплексті есептерін шешуге арналған, көп көлемді бағдарламалар жадымен жабдықталған және жайласқан, орталықтандырылған еңгізу-шығарумен пішім үйлесімдерінде жұмыс жасауға рұқсат береді.

Бір бірінен технологиялық объекттерді кеңістікті алып тастау және жалпы деректер қорын талап ету көптеген құрылғылардан үлестірілген жүйе құруын қарастырады, оперативті мәліметтер алмасуы үшін кәсіптік жоғарыжылдамдықта желімен біріктірілген.

Мұндай желі ретінде SIMATIC PROFIBUS-DP желісін ұсынады, көп емес көлемді мәліметтерді жылдамдықты жіберуді қамтамасыз етеді. Жіберу жылдамдығы 12 Мбит/с жетуі мүмкін.

S7-300 бақылауыштарын CPU 315-2DR орталық процессорының PROFIBUS-DP желісіне қосу, ол желі бойынша автоматты басқарудың үлестірілетін жүйесін құруға мүмкіндік береді. PROFIBUS-DP дала шинасы

үлестірілетін еңгізу-шығару периферияльық құрылғысының ET-200 қосуға рұқсат етіледі.

PROFIBUS-DP жүйесіне технологтардың автоматтандырылған жұмыс орындары қосылады, операторлық режимдегі технологиялық кешенге қызмет етеді. Белдік көмегімен PROFIBUS-DP желісі Ethernet компьютерлік желісімен байланыстырылған.

SM сигналдық модульдері дискретті және аналогты сигналдарды еңгізу-шығару үшін арналған.

PS блок қуат көзі модулі бақылауыштың қуат көзінің кернеуі 120 В немесе 230 В айнымалы ток желісінен мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

IM интерфейсті модульдері еңгізу-шығару кенею құрылысының орталық бақылауышына қосу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жүйеде қолданылатын 16 сигналды модульдері ақырында 32 модульге дейін 4 тіректе кеңеюі мүмкін, олардың біреуі орталық бақылауыш болып табылады (CR), қалғандары - кеңею тіректері (ER). Әр тіректе 8 модульге дейін қондырылуы мүмкін. Тіректерді біріктіру интерфейсті модульдер көмегімен жүзеге асырылады. Әр тірек өзіндік интерфейсті модульмен жабдықталған. IM 365 интерфейсті модульдерін қолдану орталық бақылауышқа бір кеңейту тірегін қосуға мүмкіндік береді, 1 метрден аспайтын қашықтықта орналасқан.

Операторлы станса Pentium II негізделеді, 64 Мбайт кем емес ОЗУ мен, 3,2 Гбайт-тан кем емес қатты диск, MPI желісі бойынша бақылауыштармен қатынас жасау үшін CP 5611 коммуникациялы процессорымен жабдықталған.

2.11 Бағдарламалық қамтамасыз ету

Технологиялық процесспен әр автоматтандырылған бақылау жүйесінде бағдарламалар өзек түзеді, ол басқаруды ұйымдастырады, объект жағдайының диагностикасын жүзеге асырады, ақпараттарды жөндеу қажетті реттілігін қамтамасыз етеді, басқару объектісін пайдалану кезінде жағдай өзгерісіне немесе оператор-технологтың директивасына әсер етеді.

Мұндай бағдарламалар жүйесі ТҮАБЖ бағдарламалық қамтамасыз ету деп аталады. ТҮАБЖ бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламалар жиынтығын, олардың сипаттамасын және пайдалану нұсқаулықтарын береді, басқару жүйесінің дамуы мен қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет.

Жалпы және арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді ажыратады. Жалпы бағдарламалық қамтамасыз етуге келесі бағдарлама топтары кіреді:

- уақыттың шынайы масштабында жүйенің техникалық жабдықтарын басқару және шығару процесі;
- бағдарламаларды дайындау және дұрыстау (таратушылар, интерпретаторлар, редакторлар және тағы басқа)
- ТҮАБЖ техникалық және бағдарламалық жабдықтарды бақылау және диагностикалау (диагностикалық сигналдардың генераторы, тесттер).

- ТҮАБЖ өңдеу процесі кезінде жалпы бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламалар кешенінің жұмыс істеуі мен құру үшін негіз болып саналады, ТҮАБЖ нақты ерекшеліктерін есепке алады, арнайы немесе сыртқы бағдарламалық қамтамасыз ету деп аталады. ТҮАБЖ талап еткен кезде арнайы өңдеуді қажет ететін бағдарламаның сол бөлігі, немесе оның сол элементтерінің күйге келтіруі (адаптация), олар басқару жүйесінің типтік функцияларын орындайды.

- Функция көзқарасы бойынша, бағдарламалық кешенімен жүзеге асырылатын, оны төрт негізгі элемент түрінде елестетуге болады:

- операциялық жүйе;
- ТҮАБЖ бағдарламалық қамтамасыз етумен басқару жүйесі;
- күтуші персоналмен әрекеттесу кезіндегі басқару жүйесі;
- басқару ықпал жасауын өндіріп шығару үшін қолданбалы бағдарламалар.

SIEMENS неміс фирмасымен STEP 7 бағдарламасының негіздік пакеті өндіріліп шығарылған, бағдарлама жасауға, сынақтамаға және дұрыстауға арналған. STEP 7-бағдарламасын келесі ұсыну формаларында жазуға мүмкіндік береді: ұласқан жоспар, функциональдық жоспар және командалар тізімі (KOPIFUPIAWL).

Бейнелі балқу процессі кезінде көпетеген аса оңай тапсырмалар немесе қосалқы процесстер секілді суреттеліп берілуі мүмкін, олардың бәрі байланыстырылған және бір бірінен бағынды болып келеді.

Бірінші тапсырма болып автоматтандыру процесін дербес қосалқы тапсырмаларға бөлу болып табылады.

Әрбір қосалқы тапсырма аппаратура (hardware) мен бағдарламалық қамтамасыз ету (software) талаптары бойынша суреттеледі.

Hardware

- кіру/шығудың саны мен түрлері;
- модульдердің саны мен түрлері;
- себеттер саны (rack);
- CPU мінездемесі мен түрі;
- (HMI-жүйе) операторымен интерфейс;
- Желідегі жұмыс жабдықтары.
- Software:
- Бағдарлама құрылымы;
- Мәліметтерді басқару;
- Мәліметтер құрылымы;
- Коммуникация үшін;
- Бағдарламалар мен жобаларды құжаттау.

SIMATIC S7-да барлық аппараттық жабдықтар мен бағдарламалық талаптар автоматтандыру процесі үшін жоба ішінде өңделеді.

Жоба ішіне қажетті аппарат жабдықтары (+пішім үйлесімі), желі (+пішім үйлесімі), барлық бағдарламалар және автоматтандыру бойынша тапсырмаларды шешу үшін мәліметтердің сипаттамасы кіреді.

Жоба құрылымы:

Мәліметтер объекттер түрінде сақталады. Жобада объекттер ағашқа ұқсас құрылымда (жобаның сатылы лауазымы) орналастырылады.

Жобаның сатылы лауазымы бірнеше деңгейден тұрады.

1) Деңгей жоба иконнан тұрады. Әрбір жоба мәліметтер базасын көрсетеді, мұнда барлық маңызды мәліметтер сақталады.

2) Деңгей құрамына (S7-300 Station) стансалары кіреді, мұнда аппараты жабдықтар мен модуль параметрлерінің пішім үйлесімінің мағлұматтары сақталады. Стансалар аппаратураның пішім үйлесімі үшін алғашқы объект болып табылады.



2.4 Сурет - Қосалқы тапсырмалы аппаратура (hardware) мен бағдарламалық қамтамасыз ету (software) талаптары

S7 Program папкалары бағдарламаларды жазуға арналған объекттерге жатады. S7-модулі үшін барлық бағдарламалық қамтамасыз етулер белгіленген параметрлерімен S7 Program папкасында сақталады. Берілген папка S7-блоктары үшін арналған папка және бағдарламаның бастапқы файлдары үшін арналған папкаларымен ұсынылады.

PROFIBUS, Industrial Ethernet қосалқы жүйелері жалпы жүйенің бөлігі болып табылады.

3) Және келесі деңгейлер жоғары тұрған деңгейдің объект түріне байланысты құрамына кіреді:

offline - бағдарлама жасау құрылғысындағы мағлұматтар базасынан тұратын жоба құрылымы;

online - PLCдағы мағлұматтар базасынан жобы құрылымы.

Программное обеспечение STEP 7 бағдарламалық қамтамасыз ету тұтынушының бағдарламасын құрылымдауға мүмкіндік береді, яғни бағдарламаны дербес бағдарламалық құрылымдарға (блоктарға) бөлуге болады:

OB - операциялық жүйемен шақырылады және операциялық жүйе мен тұтынушының бағдарламасының арасында интерфейс ретінде шығып тұрады.

FC/FB - функциялар және функциональдық блоктар күрделі бағдарламалар үшін пайдаланылады, олар үлкен емес басқару құрылымдарына бөліну қажет.

DB - мағлұматтар блогы тұтынушы мәліметтерін сақтау үшін пайдаланылады.

SFC/SFB - CPU операциялық жүйесінде ықпалданған блоктар, олар тұтынушы арқылы түрлендіре алынбайды (тек қана оқу үшін).

SDB - пішім үйлесімі мен параметрлер мағлұматтарын сақтау үшін арналған мәліметтер жүйесінің блогы [10].

3 ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМ

3.1 Шағылысу пешінің жаңа басқару жүйесін пайдаланудың техникалы-экономикалық дәлелдемесі

Жобаланатын автоматты басқару жүйесі Германдық “SIEMENS” фирмасының “SIMATIC S7-300” контроллерінің базасында құрылған. Бұл фирма автоматтандыру жүйені мұнайгазда, металлургияда, энергетикада және т.б. құру үшін бақылау-өлшегіш, басқарушы және есептеу техникасын өндеуге, құруда алдыңғылардың бірі болып табылады. Басқару жүйесін пайдалану, шикізатты өнімді шығаруда 1%-ке өсіруге мүмкіндік береді.

Шағылдырғыштық балқытудағы процестің анықтаушы шартымен басқарылуы, жұмыстық пеште жылулық режимнің сақталуы болып табылады, отын-ауа және температура арасындағы байланыс пеш процесінде алдын-ала технологиялық режиммен ескеріледі.

Шағылдыру пешіндегі балқытудың экономикалық көрсеткіштері пештің балқыту қабілеттілігімен анықталады, яғни отынның жағылуы мен күмбездегі қызған қабырғаның жылу өткізгіші, пештегі ваннаға және шихтадаға газдық ағынның берілу шарттары т.б.

Шағылдыру балқытпасындағы отын үрдістерінде қолданылатын негізгі салалық құндар бұлар шектік құндар болып табылады. Отындар көбінесе әртүрлі жылулық жоғалтулар және биік температуралық газ өтетін жүйелерге жүретін газдардың, яғни қыздырулардың орнын толтырады. Сондықтан отынның шығыны теориялық мөлшерден бірнеше есе артық және шихтаның балқуын талап етеді.

Жылулық жұмыс режимінің автоматтандырылу мүмкіндіктері:

- сумен ағызып әкелетін қатты шихтаның мөлшері 8-15%;
- металдық шығаруларды жоғарлату 0,5%;
- отындардың меншікті шығынын төмендету 8-15%;
- пеш науқанының ұзақтықтарын жоғарлату, шамамен 10-20%.

АРЖ-мен мүлтіксіз жұмыс жасау үшін алдымен оны өңдеу керек, барлық параметрлері мен процестік көрсеткіштерін теориялық есептеу, жүйені реттеу, лайықты жабдықтау және бағдарламалық қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар жеткіліксіз монтаждық жүйе өңделеді, өңделу алдында технологиялық циклда тестіленуі міндетті.

Бұл өндірісті ұйымдастыруда, яғни жаңалау және жобалау кезінде өндіріс үрдісі элементтерінің негізгі тиімді үйлесуі айтарлықтай өз нәтижелерін көрсете алды. Толықтырып айтатын болсақ, өндірілетін өнімнің ассортименті, өндірілетін өнім бірлігінің өзіндік құны, шығыны, шикізат, материалдар, бу, су, ауа, электр қуаттарының жұмсалу нормасы және олардың құны, жабдықтарға қызмет ету және күтуге керекті жұмысшылар саны, жабдықтардың құны, жабдықтардың қуаттылығы, жабдықтар жұмысының жылдық қоры т.б. техника-экономикалық көрсеткіштердің экономикалық тиімділігін бағалау.

Осы аталған көрсеткіштер, яғни қарастырып отырған өнеркәсібім экономикалық тиімділігі жағынан дұрыс нәтижесін бере алды.

3.1.1 Автоматты басқару жүйесін енгізуге және жасауға кеткен шығындарды есептеу

Шағылысу пештерінде мыс концентраттарының қалпына келтірілу үрдісін басқару кезінде, негізгі тапсырма үрдістің анықталып берілген параметрлерінде пештің максималды өнімділігін алуға мүмкіндік беретін, автоматтандыру жүйесін құру болып табылады.

Берілген жүйені енгізу техника-экономикалық көрсеткіштерді жоғарылатады, сонымен қатар жаңа реттеу жүйесі жабдықтар жұмысын қатаң берілген режимде қамтамасыз етуге мүмкіндік беру және жөндеу аралық кезең уақытын ұлғайту, апаттық жағдайлардың болуын ескерту арқылы негізгі технологиялық жабдықтарды жөндеуге және пайдалануға кететін шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді.

Өндірістің автоматтандыру жүйелері кез-келген өнеркәсіпке эффектілі болуы мүмкін, себебі басқаруды автоматтандыру көлемі өнеркәсіптің спецификацияына байланысты талаптарымен өлшеуге болады.

Басқару жүйесін пайдаланған кездегі экономикалық эффект ең алдымен басқарудың сапасы мен сенімділігінің жоғарылауымен және т.б. көрсеткіштермен анықталатын автоматтандырылған өндірістің эффектілілігінің жоғарылауына байланысты болады.

Басқару жүйесін құрғандағы экономияның негіздері келесідей болады:

1) есептеу техникасы құралдарын қолдану нәтижесінде жаңа технологиялық үрдістерді жасау мерзімдерін қысқарту;
2) басқару сапасын және өндірістің жалпы ұйымдастыру деңгейін жоғарлату;
3) басқарудың күрделілігін төмендету, станция жұмысшыларының еңбек өнімділігін жоғарлату;
4) цех пен бөлімшелердің негізгі технико-экономикалық көрсеткіштерін оперативті есептеу;
5) жабдықтарды ең жақсы қолдану, оның жұмыс істеу мерзімін ұлғайту, апаттар мен жоспар бойынша тоқтауларды жою;
6) жабдықты қуаты мен уақыты бойынша жүктелуін ұлғайту, соған байланысты өндіріс көлемін де ұлғайту;
7) өндірістік емес шығындарды қысқарту.

Басқару жүйесі барлық өтулер мен кезеңдерінде өнімді өндіру үрдісінің ең тиімді жағдайларын жасау үшін арналған, және ол осы үрдістің параметрлерін алдын ала берілген деңгейде немесе оптималды варианттарын табу арқылы анықталады.

3.2 Автоматтандыру жүйесін өңдеу мен пайдалануға жұмсалатын қаражатты есептеу

Автоматты реттеу жүйесін жобалауда инженер қызметкерлердің іске жұмылдырылуы (3 айлық мерзім) келесідей негізделеді:

- инженер-жобалаушы жүйенің теориялық өңделуін қарастырады, яғни жүйе көрсеткіштерінің есеп-қисабын, сызбалардың құрастырылуы, схемалар т.с.с.
- инженер-жүйелік техниктер тәжірибелік теорияны негіздейді (айқындайды); айқындау нәтижесінде, жабдықтау жүйелері экономикалық және технологиялық көзқараста жақсы жұмыс жасай алады, сонымен бірге инженер-жүйелік техниктер жабдықтың спецификациясын анықтайды.
- инженер-бағдарламашы бағдарламалық қамтамасыз етуді реттеу жағынан жауап береді [11].

3.2.1 Өңдеушілер жалақысы

Өңдеушілер жалақысы келесі формуламен анықталады

$$Ж = N \cdot n \cdot b, \tag{3.1}$$

мұндағы N - өңдеушілер саны, адам;
n - өңдеу мерзімі, ай;
b - айлық жалақы, тенге.

3.1 Кесте - Қызметкерлердің еңбекақысына кететін шығындар

Қызметкерлер	Саны	Айлық жалақысы, тг	Жобаны жасау уақыты, ай	Жалпы бағасы, тг
Инженер-жобалаушы	1	100000	3	329700
Инженер-кеңесші	2	80000	3	527500
Инженер-бағдарламалаушы	1	75000	3	247275
Барлығы				1104495

N = 4, n=3, b=1104495

$$Ж = \left(Ж_1 - Ж_1 \cdot H_П / 100\%\right) \cdot H_C / 100\% + Ж_1, \tag{3.2}$$

мұндағы $H_П$ - жалпы зейнетақы корының шығын мөлшері, %;
H_C - әлеуметтік мұқтаждыққа кеткен шығын мөлшері, %;

3.2.1.1 Құрастыруға кеткен шығындарды есептеу

Инженер-жобалаушының жалақысы - 100000 теңге

$$Ж_{жоб}= ((100000-10000)\cdot 0,11 + 100000)\cdot 3 = 329700 \text{ теңге}$$

Инженер-кеңесшінің жалақысы - 90000 тенге

$$Ж_{кеңесші}= ((80000-8000)\cdot 0,11 + 80000)\cdot 3\cdot 2 = 527520 \text{ теңге}$$

Инженер-бағдарламаушының жалақысы - 65000 теңге

$$Ж_{бағд}= ((75000-7500)\cdot 0,11 + 75000)\cdot 3 = 247275 \text{ теңге}$$

$$\sum Жө = Ж_{жоб} + Ж_{кең} + Ж_{бағд} = 280245 + 461580 + 214305 = 1104495 \text{ теңге.}$$

3.2.1.2 Автоматты техникалық өнімдердің есептелуі кезіндегі шығындар

Келесі шығындар статьясы - техникалық жүйе құралдарының көмегімен бастапқы шығыны, құрамы және кез келген өзгергіштері туралы мәлімет алу. Инженер-техниктер техникалық жүйе құралдарын өңдеу кезінде олардың арнайы спецификациясына сәйкес сатып алады.

3.2 Кесте - АРЖ-гі техникалық құрылғыларды сатып алуға кеткен шығындар

Жабдықтардың атауы	Саны	Жабдықтардың бағасы, тг	Құны, тг
1	2	3	4
Көрсеткіштердің шығыны (Rosemaut Fisher)	7	1590000	11130000
Пирометрлер (ARDOCELL PS)	5	387000	1935000
Ауа көрсеткіштерінің шығыны	4	191000	764000
Атқарушы механизмдердегі компрессорлық ауа шығындары(SIEMENS)	4	386000	1544000
Қысым көрсеткіштері	10	85000	850000
Аластатылған газдардың температуралық көрсеткіштері (Метран)	2	11000	22000
CO газ анализаторы (OXYMAT)	1	1700000	1700000
SIMATIC S7-300 контроллерінің жұмыстық станциясы, Pro Tool/Pro	1	2450000	2450000
Барлығы	20395000		

Цехқа дейін автоматтандырудың барлық құралдарын сатып алып, агрегаттарды балқытатын жасаушы құру керек. Әрине балқытылған агрегаттар қосымша шығындарды талап етеді. Құралдар және автоматтандыру құрылғыларының тасымалдауына байланысты шығындар, құндық есептің 7%-ын құрайды

$$Ш_{тас}=\cdot Ш_{тех.құр}\cdot 0,07 = 20395000\cdot 0,07 = 1427650 \text{ теңге}$$

Сатып алынған және кәсіпорынға әкелінген көрсеткіштерді (датчиктерді), құралдарды, бақылау құрылғыларын қажетті етіп жинап, яғни орнатып қосу керек. Бұның барлығы қосымша өзгертулермен қосылады. Автоматты реттеу жүйесінің монтаждық шығыны жабдық құнының 3% құрайды:

$$Ш_{монт}= 2\cdot Ш_{тех.құр}\cdot 0,03 = 20395000\cdot 0,03 = 611850 \text{ теңге}$$

Автоматты реттеу жүйесін өндіріске енгізуден бұрын, ондағы шағылдыру пешіндегі түзетулерді осы процеске оңайлатып, жөндеу жұмыстарын қажетті күйге келтіру керек. Жүйелерді жөндеуде машина уақытының 150 сағаты керек болады.

Машина уақыты амортизацияны, жөндеу, электр энергиясы, оператор жалақысын уақыттардың жалпы қорына бөліп шығарулармен, сондай-ақ жабдықтау жұмыстарының шығындық сомасына да көңіл аударылады [12].

Айта кететін бір жайт, осы жағдайда SIMATIC S7-300 микроконтроллері туралы сөз болады. Себебі, бұл контроллерлер жүйенің барлық параметрлерін есептеуге арналған. Барлық шығындар өзіндік құн ретінде есеп айырысады.

1) Контроллерге бөлінетін қаржының амортизациялық қосымша құны 12%-ды құрайды.

$$Ш_{аморт}= 2450000\cdot 0,12 = 294000 \text{ теңге}$$

2) Контроллерге кеткен шығындар бағасының 10%-ін құрайды.

$$Ш_{жөнд} = 2450000\cdot 0,1 = 245000 \text{ теңге}$$

3) Электр энергиясында тұтынылатын контроллердің шығындары, яғни электр энергиясының 1кВт-тың құны микроконтроллер жұмысының жылдық қорына байланысты есептеледі, былайша айтқанда, микроконтроллермен тұтынылатын қуат пен контроллердің жүктелу коэффициенті

$$Ш_{Эл}= Ф_{У}\cdot С_{Э}\cdot Б \qquad (3.3)$$

мұндағы $Ф_{У}$ - контроллер жұмысының уақытша жылдық қоры (с);

$$Ф_у = 41 \cdot 52 - 9 \cdot 8 = 2060 \text{ сағ}$$

$С_Э$ - техникалық кешенмен тұтынылатын энергияның мөлшері, сонымен қатар, оператордың жұмыс орнындағы жарықтың жұмсалуы (0,18 кВт/сағ);

Б - 1кВт/с-ғы электрэнергияның қосымша құны.

Б = 1кВт кезінде 22 теңге болады.

$$Ш_{Э/Э} = 2060 \cdot 0{,}18 \cdot 22 = 8157{,}6 \text{ теңге}$$

4) Жөндеушілерді еңбекақымен қамтамасыздандыру.

Жөндеушілердің айлық еңбекақысы - 35000 тг. Жөндеушілердің айлық жалақысы бөлініп төленуі ретінде қарастырылады:

$$(35000-3500) \cdot 0{,}11+35000 = 38465 \text{ теңге}$$

Осылайша, еңбекақыны төлеудің жылдық қоры

$$38465 \cdot 12 = 461580 \text{ теңге}$$

Барлық аталған шығындардың құны машина сағатының есептеулерінде біріктіріледі:

$$Б_{маш/сағ} = Ш_{аморт} + Ш_{жөнд} + Ш_{э/э} + Ш_{жылд.қор} \ /Ф_у \qquad (3.4)$$

$$Б_{маш/сағ} = (294000 + 245000 + 8157{,}6 + 461580) /2060 = 484{,}82 \text{ тг/сағ}$$

Барлық шығынды біріктіру үшін реттеу уақыты

$$Ш_{бағ} = С_{рет} \cdot Б_{маш/сағ} \qquad (3.5)$$

мұндағы $С_{рет}$- реттеу уақыты;

$С_{рет}$ = 150 с

$$Ш_{бағ} = 150 \cdot 484{,}82 = 72723{,}61 \text{ теңге}$$

Өңделген шығындардың жалпы бағасын есептейміз.

$$Ш_{жалпы} = Ж_{төл} + Ш_{тех.құр} + Ш_{тас} + Ш_{монт} + Ш_{бағ} \qquad (3.6)$$

$$Ш_{жалпы} = 1104495 + 20395000 + 1427650 + 611850 + 72723{,}61 = 23611718{,}6 \text{ тг}$$

Сонымен, қажетті құралдар және автоматтандыру құралдарының барлығы жеткілікті жинақталған, тіпті қосымша техникалық құрылғылар да сатып алынып арнайы базада өңделген. Енді жүйелерді өндіріске ендіріп және олардың эксплуатациялық байланысын пайдаланып, жылдық шығындарын есептеу керек.

3.2.2 АБҚ-ны пайдалану кезіндегі эксплуатациялык шығындарды есептеу

Жүйені орындауда эксплуатациялық шығын пайда болады. Ол жабдықтардың жұмыс істеуіне байланысты туындайды. Мәселен, электр энергияның тұтынылуы, оның төзімділігі, автоматтандыру жүйелеріндегі датчиктердің жақсы жұмыс жасауы т.б.

Эксплуатациялық шығындардың алғашқы статьясы - амортизациялық есептеудің, амортизациялық жабдықтау нормасымен, зауыт жасап шығарушы қондырылған жабдықтарды сатып алып, амортизациялық нормаға сәйкес есеп айырысады.

1) Амортизациялық төлемдер:

- көрсеткіштердің шығыны, ауа көрсеткіштерінің шығыны, қысым көрсеткіштерінің амортизациялық нормасы 15% болады.

$$-(11130000+764000+850000)\cdot 0{,}15 = 1911600 \text{ теңге}$$

- компрессорлық ауа шығынындағы атқарушы механизмнің амортизациялық нормасы 25% болады.

$$-1544000\cdot 0{,}25 = 386000 \text{ теңге}$$

- СО-дағы газ анализаторының амортизациялық нормасы 15%;

$$-1700000\cdot 0{,}15 = 255000 \text{ теңге}$$

- пирометрлер үшін амортизациялық нормасы 25%;

$$-1935000\cdot 0{,}25 = 483750 \text{ теңге}$$

- S7-300 контроллерінің амортизациялық нормасы 20%;

$$2450000\cdot 0{,}2 = 490000 \text{ теңге}$$

Автоматтандыру жүйелері екі арнайы балқытатын орындарға бекітіледі, сондықтан барлық амортизациялық шығын екі есе өседі.

Амортизациялық аударымдардың жиыны:

АТ=(1911600 + 386000+ 255000 + 483750 + 490000) = 3526350 теңге

2) Ағымдағы жөндеу жабдықтарының техникалық құралдары жалпы құнның 4%-ын құрайды (3.2 - кесте).

$$Ш_{жөнд}= 20395000 \cdot 0,04 = 815800 \text{ теңге}$$

3) Сатып алынған шығындар жабдық құнының 3%-ын құрайды:

$$Ш_{с/а}= 20395000 \cdot 0,03 = 611850 \text{ теңге}$$

4) Тұтынылатын электр энергияның шығындары

$$Ш_{Э/Э}= J \cdot Ф_{ж} \cdot С_{Э} \cdot Б \qquad (3.7)$$

мұндағы J - тұтынылатын қуат (10 кВт);

$Ф_{ж}$ - аспаптар және автоматтандыру құралдарының жұмыстық уақытының жылдық қоры, тг.

$$Ф_{ж/у} = 365 \cdot 24 = 8760 \text{ сағ}$$

мұндағы Б - 1кВт/сағаттағы баға 22 теңге;

$С_{Э}$ - қуат бойынша электр жабдықтарының қолданылу коэффициенті (0,7-ға тең).

$$Ш_{Э/Э}= 10 \cdot 8760 \cdot 0,7 \cdot 22 = 1349040 \text{ теңге}$$

Қолдану кезінде, эксплуатациялық шығындар біріктіріледі:

$$Э_{шығын}= АТ + Ш_{жөнд} + Ш_{с/а} + Ш_{э/э} \qquad (3.8)$$

$$Э_{шығын}= 3526350 + 815800 + 611850 + 1349040 = 6303040 \text{ теңге}$$

Осы есептелген мәліметтерді келесі кестеге енгіземіз.

Өңдеуге келтірілген шығындардың есеп-қисаптарын, жаңа жүйені, яғни автоматтандыру жүйелеріндегі барлық пайдалық (эксплуатациялық) шығынын қажетті мақсатты іспен дәлелдеу керек.

Ол үшін шағылдыру пешіндегі шихтаның балқытылу процесін автоматтандыру кезінде жаңа жүйелерден алынатын үнемділікті есептейміз.

3.2.3 Автоматты реттеу жүйесінде енгізілген тиімділіктерді экономикалық есептеу

Орнатылған жаңа жүйені үнемдеу келесідей этаптардан тұрады:

- үрдісте қолданылатын отынның үнемділігі ;
- металдың өзіндік құнының төмендеуі салдарынан шартты-тұрақты шығындарды үнемдеу;
- процестің жүргізілуін уақытында үнемдеу;

Олардың әрқайсысын жеке қарап шығамыз және үнемдеудің жалпы сомасын есептеп шығарамыз.

1) Шағылысу пештерінің жылулық режимін автоматтандыру кезінде отынның шығыны шамамен 8-15 %-ға қысқарады, есептеу үшін 10% деп қабылдаймыз.

Балқытылған шихтаның 1 тонна көмір түйіршігі орташа шығындық есеппен көмір түйіршігінің 0,22 тоннасын құрайды. Шихтаның айлық балқытылуы 56000 т.

$$56000 \cdot 0{,}22 = 12320 \text{ тг}$$

1 тонна көмірдің құны 6000 тг болса, онда отынның жылдық үнемділігі:

$$Э_т = 12320 \cdot 6000 \cdot 0{,}1 \cdot 12 = 88704000 \text{ теңге}$$

2) Қатты шихтаны өңдеу кезінде жылдық өнімділікті мына формула бойынша анықтайды.

$$A = S \cdot P \cdot T, \qquad (3.9)$$

мұндағы S - кеңістік табанының ауданы, S=225 м^2.

P - шихтаның меншікті проплавы, тг;

T - жұмыс уақытының жылдық қоры, тг.

АРЖ-н енгізуге дейін меншікті балқытылуы тәулігіне 4 т/м^2 құрайды, кейін ол 4,4 т/м^2 жоғарлайды. Екі жүйе жылына 340 күн жұмыс істейді. АРЖ-н енгізгеннен кейін жүйе сенімдірек және 10 күнге ұзартылды. Осылайша, функционалды техникалық қондырғы орнықты және уақыт қорының жұмысы жылына 350 күнге көбейді.

- АРЖ-н енгізуге дейін

$$- A_{дейін} = 225 \cdot 4 \cdot 340 = 306000 \text{ теңге}$$

- АРЖ-н енгізуден кейін

$$A_{кейін} = 225 \cdot 4{,}4 \cdot 350 = 346500 \text{ теңге}$$

Шихтаның өңделуі жылдық өнімнің өсуіне байланысты:

$$(A_{кейін} - A_{дейін})/A_{кейін} \cdot 100\%$$

$$(346500 - 306000)/34600 \cdot 100\% = 11,7\%$$

Шихтаны өңдеу кезінде мыстың алғашқы шығаруларын жоғарлату, бұл өнімділіктің артуына себепші болады

$$Q = \frac{A \cdot f \cdot E}{C}. \qquad (3.10)$$

мұндағы A - қатты шихтаны өңдеу кезіндегі өнімділік (т/жыл);
f - шихтадағы металдың мөлшері (28%);
E - цехтағы мыстың алғашқы шығарулары (95%);
C - алғашқы жазылған (черновой меди) мыстың мөлшері (99 %).

Сонымен, алғашқы шығарылған мыстың жылдық көлемі:

- АРЖ-н енгізуге дейін

$$Q_{дейін} = 306000 \cdot 0,28 \cdot 0,95/0,99 = 82218 \text{ т}$$

- АРЖ-н енгізуден кейін

$$Q_{кейін} = 346500 \cdot 0,28 \cdot 0,95/0,99 = 93100 \text{ т}$$

Мыстың алғашқы шығаруларының артуымен дайын өнімнің өзіндік құнының төмендеуі шартты-тұрақты шығындардың қысқартылуы нәтижесіне байланысты бағытталады. Олай болса, 1 тонна мыстың шығындық сомасын 4000 тг деп қабылдаймыз.

Олай болса, жылдың жалпы үнемділігі шартты-тұрақты шығындардың қысқартылуымен бірдей болады:

$$Э_{ш\text{-}т} = 4000 \cdot (Q_{кейін} - Q_{дейін}) \qquad (3.11)$$

$$Э_{ш\text{-}т} = 4000 \cdot (93100 - 82218) = 43528000 \text{ теңге}$$

3) Атап айтатын болсақ, АРЖ-нің жұмыстық уақытын нығайту 340 күннен 350 күнге дейін, яғни 5%-ға артады. Енгізуден кейін пеш науқанының уақытына сәйкес сумен ағызып әкелетін шихтаның мөлшері 46400т.

$$Э_{қос.бөл} = Ш_{жөнд} + Ш_{с/а} \qquad (3.12)$$

$$Э_{қос.бөл} = 815800 + 611850 = 1427650 \text{ теңге}$$

1 тонна шихтаның құны мынадай түрде есептеледі:

$$Р^{1Т} = Э_{қос.бөл} / Q_{кейін} \quad (3.13)$$

$$Р^{1Т} = 1427650/93100 = 15,33 \text{ т}$$

Пеш науқанының ұзақтығы артуы кезінде жабдықтың жөнделуін үнемдеу

$$Э_{ұз} = 15,33 \cdot 46400 = 711524,81 \text{ тг/жыл}$$

3.2.4 Жылдық үнемдеудің жалпы бағасы

$$Э_{жалпы} = Э_{т} + Э_{ш-т} + Э_{ұз} \quad (3.14)$$

$$Э_{жалпы} = 88704000 + 43528000 + 1417056 = 132943524 \text{ тг/жыл}$$

3.2.5 Жылдық экономикалық тиімділік

$$Э_{жыл} = Э_{жалпы} - Э_{ш} - Е_{п} \cdot К_{қос} \quad (3.15)$$

мұндағы $Е_{П}$ - тиімділіктің нормативті коэффициенті, $Е_{П} = 0.32$;
$Э_{ш}$ - эксплуатациялық шығын, тг;
$К_{қос}$ - қосымша капиталды шығын, тг.

$$Э_{жыл} = 132943524 - 6303040 - 0,32 \cdot 23611718,6 = 119084734 \text{ теңге}$$

3.2.26 Кеткен қаржының орнын толтыру мерзімі

$$М_{Ѳ} = К_{қос} / Э_{жалпы} - Э_{ш} \quad (3.16)$$

$$М_{Ѳ} = 23611718 / (132943524 - 63030400) = 0,33 \text{ жыл}$$

АБЖ-де өңделген шағылдырғыштық балқытудың жылулық режиміне кеткен қаржының орнын толтыру мерзімі едәуір аз, яғни 0,33 жылды құрайды.

Қорытынды: Қорытындылай келгенде «шағылысу пешінің жылулық режимін автоматтандыру» жүйесінде жобалауға кететін шығындар, жобаға қажет уақыт, жобаның бағасы, жылғы кіріс, жылғы пайда, табыстар, тасымалдау шығындары, жабдықтар жұмысының жылдық қоры электроэнергияға кеткен шығындары және т.б. техника-экономикалық көрсеткіштердің экономикалық тиімділігі есептелінді. Алынған нәтиженің анализі жобаның өтелу мерзімі - 0,4 жылды құрайтынын көрсетеді.

Кәсіпорынның пайдасы 119084734теңгені құрайды.

4 ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ

4.1 Қазақстан Республикасының еңбек қорғау бойынша заңдылықтар

Еңбек қорғау жөніндегі заңдастырылған актілер Қазақстан Республикасының еңбек құқығының ажырамас бөлігін құрайды, оның негізі 30.08.95 жылғы ҚР Конституциясының 24 бабы болып табылады:

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.
2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.
3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жек және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.
4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Сондай-ақ,2007 жылы 15-ші мамырында «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» шықты.

Осы кодекстің бірінші тарауында негізгі ұғымдар келтірілген. Қызметкер - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға. Жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға. Қызметкер өкілдері - кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары немесе қызметкер уәкілеттік берген өзгеде жеке және заңды тұлғалар. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемелекеттік органы .

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқық-тық актілер еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастыру, техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және өзге де нормаларды, ережелерді, рәсімдер мен өлшемдерді белгілейді.
2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқық-тық актілерді қабылдауды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.
3. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуді және бекітуді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады.

4.2 Техникалық регламент туралы заңдылықтар

«Техникалық реттеу туралы» Заң негізінде елімізде техникалық реттеуді реформалау республика мекемелерінің бәсекеге түсу мүмкіндігін ұлғайтуға, оларға экспорттың бағыт беруге Қазақстан экономикасын әлемдік қауымдастыққа интеграциялауға бағытталған. Бұл мәселелерді шешу техникалық нормалау саласындағы саясатты өзгертуге, стандарттау, сертификаттау, мемлекеттік техникалық реттеу және тексеру жүйелерін реформалауға, оларды мемлекеттік техникалық басқару жүйесіне енгізуге тікелей байланысты. Халықаралық тәжірибеде міндетті түрде қолдануға және сақталуға тиісті талаптар техникалық регламенттерде, заңнамаларда, нұсқауларда және Үкімет органдарының жарлықтарында көрсетіледі. Техникалық регламенттерге енгізілетін талаптар: адамдардың өмірі мен денсаулығының, азаматтардың мүліктері мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздік және тұтынушыны алданудан сақтау. Халықаралық тәжірибенің ерекшелігі стандарттардың міндетті құжаттар болып есептелмеуі, оларға техникалық регламенттерде сілтемелер келтірілмеген жағдайда ерікті негізде қолданылуы. Елімізде бағалау және сәйкестікті растау жүйелерін жетілдіру бағыттары Еуропалық Одақтың техникалық реттеу практикасына, соның ішінде сәйкестікті бағалау саласына негізделген.

Қазақстан Республикасында техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін енгізу екі деңгейдегі заңдар мен нормативтік құжаттар тобын құруға мүмкіндік береді:

- жоғарғы деңгей - техникалық регламент;
- төменгі деңгей — халықаралық талаптармен және нормалармен сәйкес

үйлестірілген ерікті стандарттар. Бұл стандарттар өндірушілерге техникалық регламенттерді дұрыс түсінуге және орындауға көмектеседі.

«Балқаш мыс зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тазартылған мысқа жекелеген элементтер құрамын көрсете отырып, сапа сертификатын берді, бұл деректер Қазақстан Республикасында мемлекеттік сертификаттау жүйесі берген КСС № 0003913 сәйкестік сертификатымен расталады.

Қазіргі кезде «Балқаш мыс зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мына кәсіпорындарында ISO-9001 сапа стандарттарына сәйкестікке экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеу аяқталады: техникалық пайдаланудың тәртібі, Аненск кеніші, Солтүстік-Жезқазған кеніші, Жезқазған кен байыту фабрикасы, Сатпаев кен байыту фабрикасы, «Степной» кеніші, Шығыс-Жезқазған кеніші, Жезқазған мыс зауыты, Жезқазған жылу-электро ортылығы.

Бүгінде Техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қорында 56 342-ден астам стандарттау бойынша нормативтік құжаттар бар, оған мемлекеттік, халықаралық, ұлттық және өңірлік стандарттар кіреді. Мемлекеттік стандарттар деңгейінде 2 791 бірлік, олардың ішінде халықаралық талаптарға сәйкес үйлестірілгендері - 1 846 бірлік, бұл ретте үйлестіру пайызы - 66 %-ды құрайды.

Металлургия және тау-кен ісінде мемлекеттік стандарттарды үйлестіру деңгейі шамамен 60 %, яғни бұл көрсеткіш жалпы мемлекеттік көрсеткішке жақындайды.

Индустрияландыру үдерістерінде техникалық реттеу құралдарын қолданудың және отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін артырудың негізгі міндеті тиісті әлемдік стандарттарға сәйкес келетін өнім өндіру және менеджмент жүйесін енгізу және технологиялық қайта жарақтандыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Шетелдік бәсекелестерден жаңа ілгерінді технологиялар мен инновацияларды пайдалануда қалып келе жатқанымызды атап кету керек. Металлургиялық зауыттардың қолданыстағы технологиялары бойынша белгілі пирометаллургиялық үдерістер қоршаған ортаны ластайтын зиянды газ түріндегі шығарындылар мен қатты қалдықтардың көп көлемінің болуымен сипатталады. Оған қоса, қатты қалдықтар (қолдар, шламдар т.б.) зор алаңды иелене отырып, металлургия зауыттарының аумағында жинақталады. Демек, дәстүрлі технологияларды тек металл емес қосылған құны жоғары дайын өнімді алуға мүмкіндік беретін барынша тиімділігі жоғары, экологиялық таза және қалдықсыз технологияларға ауыстыруға бағытталған зерттеулер көлемін ұлғайту қажет.

4.3 Зиянды және қауіпті факторлардың анализі

Негізгі өндірістік конструкциялар жанбайтын материалдардан жасалған электропешті бөлім үшін өрт жағынан алғанда ең қауіпті ретінде аппараттар ғимаратта - культ, трансформаторлы кіші станция, компрессорлы бөлім орналасқан учаскелер болады.

Пирометаллургиялық цехтарда шихтаны тиеу кезінде, ертіндінің ерітілген өнімдерін шығару және электропештерді және конверторларды пайдалану кезінде орындалатын басқа жұмыстар қатарында қызмет көрсетуші қызметкерлер айтарлықтай уақыт газдану және жоғары температуралар әсері кезінде жұмыс істейді.

Мыс концентраттарын электробалқытудың негізгі өндіріс зияндары ретінде келесілер болады:

- күкіртті ангидрид газы (SO_2), салыстырмалы-рұқсат етілген концентрациясы (СРК) 10 $м^2/м^3$-ке тең;
- СРК шаңдары 4 $м^2/м^3$-ке тең;
- ертінділерден және агрегаттардан сәулелі жылу;
- шудың жоғары деңгейі (100-120 Дб)
- күйіп қалу ықтималдығы және улану;
- ертіндінің еріген өнімдерінің шашырауы.

Күкіртті ангидрид - өткір иісті түссіз газ, тыныс алу жолдарын тітіркендіреді, жөтел, бронхит тудырады.

Ауамен бірге шаңдарды жүйелі түрде жұту өкпенің және тыныс алу аппаратының ауыр зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.

Мысты балқыту өндірісінің технологиялық үрдістері жылудың және сәулелі энергияның бөлінуімен бірге жүреді, әсірісе штейнді және шлакты құю кезінде. Бір уақытта ауысым кезінде жұмысшылар сезінетін инфрақызыл сәулелену де болады. Нәтижесінде организмнің қызуы болады, онда жеке жағдайларда жылулық соққы болуы мүмкін. Сонымен қатар физикалық жарақаттану, электр тогының соғуы болуы мүмкін.

Цехта крандардың жұмысы, конверсиялау өнімдерін шығару, вентиляциялы және басқа қондырғылардың жұмысының нәтижесінде шу орын алады. Шу деңгейлері санитарлы нормаларына СН және СРК 4.02-05-2001 лайық болуы керек.

4.2 Ұйымдастыру шаралары

4.2.1 ЕҚ және ТҚ үшін жауапкершілік

Мыс-никельді зауыттарда жұмысшылардың өмірін және денсаулығын қорғау бойынша шараларды сақтауды бақылау техника қауіпсіздігі бойынша бас инженерге жүктелген. Цехта жұмыс орындарында техника қауіпсіздігі жағдайын қадағалауды тхеника қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша әкімшілік және қоғамдық инспекторлар іске асырады, оларды цех жұмысшыларынан таңдайды.

Нәтижесінде зардап шеккен еңбекке қабілеттілігін бір немесе одан да көп күнге жоғалтатын әрбір қайғылы оқиға туралы зардап шегушінің өзі немесе жақын куәгер тез арада басшыға хабарлауы керек, ал ол - оқиға туралы цех басшысына хабарлауы керек. Цех басшысы қайғылы оқиға туралы тез арада кәсіпорынның бас инженеріне хабарлауы, 24 сағат ішінде қайғылы оқиға себептерін зерттеуі, акт құрып және оны бас инженерге, зауыт комитетіне және кәсіподақтар ұйымның техникалық инспекторына ұсынуы керек.

Актіні мұкият және дұрыс құру өндірістік жарақаттану себептерін анализдеу кезінде маңызды мәнге ие. Актіде қайғылы оқиғаның жағдайларын және себептерін анықтап көрсетеді және осындай жағдайларды шектеу және ескерту бойынша осы шаралардың орындалу уақытын көрсетіп, шаралар белгілейді. Бас инженер актіні алып, актіде белгіленген шараларды қамтамасыз етуге амалдар қабылдайды және зауыт комитетімен бірге олардың физикалық іске асырылуын тексереді.

Жұмыстың бұл жағдайларында техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу қауіпті қайғылы оқиғаларға әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан әрбір жұмысшы тәртіпке келген, ішкі тәртіптің және техника қауіпсіздігінің ережелерін жақсы білуі және сақтауы керек.

4.2.2 Шағылыстыру пешін қауіпсіз қызмет көрсету бойынша шараларды жасау

Кен балқытудың шағылыстыру пешінің орналасуына талаптар. Шағылыстыру пешінің орналасу орнын таңдау кезінде топырақ астындағы су деңгейін ескереді. Қажет болған кезде балқытылған массалардың апат болған кезде сумен жанасуын шектейтін дренаждар орнатады. Пеш элементтері пайдалану кезінде сенімді болуы керек: күмбездің құрылысы пештің максимал геометриялығын қамтамасыз ету керек, ал газ жою жүйесі - пештен газды толық эвакуациялауы керек.

Пешті жұмысшы алаңдарын сенімді вентиляциямен қондырғылайды. Цех атмосферасында күкіртті ангидридтің мөлшері 0,01 мг/л-ден, шаң 10 мг/м^3-ден аспауы керек. 50% кварцтан тұратын кремний шаңы кезінде шаңдалу 4 мг/м^3-ден көп болмауы керек.

Элекропештің жұмысшы аумақтары тегіс және жеткілікті түрде кең етіп жасайды, ал пеш күмбездерінің үстіндегі алаңдарды электр ұстағыштарға қызмет көрсету үшін пеш каркасынан отқа беріп электр оқшаулағышпен оқшаулайды.

4.2.3 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Металлургиялық өндірісте электр тогын кеңінен қолдану барлық жұмысшыларды электр қауіпсіздігі ережелерін білуге және орындауға міндеттейді. Электропештерін пайдалану кезінде электр тогының соғу қауіпі тиеу алаңдарында, электродтарды жіберу, электродты массаны тиеу кезінде орын алуы мүмкін.

Адамға электр тогы денемен электр тармақты тұйықтау кезінде соғады, егер ол екі оқшауланбаған өткізгіштерге тисе. Бірақ егер ол жерде немесе онымен тізбекті тұйықтау және ток соғу үшін бір оқшауланбаған өткізгішке тисе жеткілікті.

Электр тогының соғуы сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Сыртқы соғулар, электрлік жарақаттар - бұл күюлер және терінің зақымдануы. Ішкі соғу немесе электрлік соққы кезінде жүректің және тыныс алудың жұмысшы басқарушы ми орталықтары зақымданады, сондықтан электрлік соққылар адам өмірі үшін үлкен қауіп төндіреді.

Электр тогының соғуының нәтижсі токтың күшіне және жиілігіне, оның әсерінің ұзақтығына, организм арқылы өту жолдарына және организмінің жеке ерекшеліктеріне байланысты. 0,05А дейінгі күші бар өндірісті жиіліктің тогы көп жағдайларда адам өмірі үшін қауіпті емес екені бекітілген. Күшті ток кезінде адамның бұлшық еттері өздігінен қысқару қасиетінен айырылады және адам жақындаған ток өткізуші бөліктерден ажырауға жағдайы болмайды. 0,1А күші бар ток әрекет етудің ұзақтығы 1с кезінде өмірге қауіпті деп саналады. Ток жиілігі жоғары болған сайын оның әсер ету қауіпі төмен болады.

Ток соғу қауіпі оның дене бойынша өтетін жолына байланысты. Ми орталықтарының үлкен көлемі зақымдалғанда дененің жанындағы бағыттау ең қауіпті; ең қауіпті жағдай ток жүрек арқылы өткенде.

Адам денесі арқылы өтетін ток күшінің көлемі ток кернеуіне және адам денесінің кедергісіне байланысты анықталады. Адам денесінің кедергісінің көлемі 1000-нан 18000Ом аралығында ауытқиды және терінің беткі мүйізді қабатының қалыңдығына, оның ылғалдылығына, металл шаңмен ластануына, қышқыл және тұз ерітінділеріне және т.б тәуелді. Дененің кедергісін алкаголь қатты төмендетеді. Қауіпсіздік ережелері бойынша адамның кедергісін есептеу кезінде 1000Ом қабылданған жөн. Қауіпсіз кернеу ретінде 12 және 36В деп есептеу қабылданған.

Кенбалқыту пештерінің электродтарындағы кернеуі 300-680В құрайды, оның күшімен электропеш және оның электрлік қондырғысы қауіпті кернеуі бар қондырғыларға жатады. Қызмет көрсетуші қызметкерлерді электр тогы соғудан қорғау үшін электропешті пайдалану кезінде барлық ток жүретін бөліктер металлоконструкциядан сенімді оқшауланған болуын қарастырады.

Жоғарғы вольтты аппаратура оқшауланған жабық ғимараттарда орналасуы керек, оларға кіруге жоғарғы вольтты қондырғылармен жұмыс істеуге арнайы оқытылған және жоғары кернеулі жұмыстарға жіберілген адамдарға ғана рұқсат етіледі. Қысқа электрлік торап онымен қызмет көрсетуші қызметкерлердің кездейсоқ жанасу мүмкіндігі шектелетіндей қоршалуы керек. Қоршалмаған ток өткізгіштерде қандай да болсын жұмыстарға тиым салынады.

Пешті қосуға балқытушыларға және пультшілерге басшаның міндетті түрде қатысуымен рұқсат етіледі. Қосу алдында шарт бойынша ток өткізуші бөліктердің жағдайын тексереді, дыбысты сигнал береді және пеште кернеу бар екенін хабарлайтын сигнализацияны қосады. Пешті жөндеу жұмыстарына өшіру кезінде кернеудің жоқтығын құралдар бойынша тексереді, торапты жерлестіреді және тексеруден кейін ғана пештің ток өткізу бөліктеріне жөндеу жүргізу рұқсат етіледі. Шиннопакеттер және басқа ток жүретін бөліктерді пеш сөндірулі кезінде оларды қысылған ауамен үрлей отырып шаңнан тазалау керек.

4.2.4 Қорғаныс жерлестіруді есептеу

1. ПУЭ бойынша қажет жерлестіруші қондырғының қажет кедергісі $R_{зм}$ орнатылады.

$$R_{зм} = 4Ом.$$

2. Параллель қосылған табиғи жерлестіргіштерді ескере отырып жасанды жерлестіргіштің қажет кедергілері анықталады:

$$R_u = \frac{R_l \cdot R_{зм}}{R_l - R_{зм}}, \qquad (4.1)$$

мұндағы $R_{зм}$ - жерлестіруші қондырғының рұқсат етілген кедергісі;

R_l - табиғи жерлестірудің кедергісі;

R_u - жасанды жерлестіргіштің кедергісі.

Табиғи жерлестіргіштер - металл конструкциялар, темірбетонды конструкциялардың арматуралары, жермен сенімді байланысы бар трубосымдар және қондырғы. Рұқсат етілген кедергі - 14Ом.

Жасанды жерлестіргіштер ретінде тік орналасқан болат құбырларды, бұрыштық болатты, металл стержендерді, сонымен қатар көлденең орналасқан болат жолақтарды және т.б қолданады.

3. Топырақтың салыстырмалы кедергісі ρ=150Ом·м деп қабылдаймыз.

4. Электродтың тік пластинасының оның ұзындығын ескере отырып кедергісін анықтаймыз:

$$a = 2м, \ b = 2м$$

$$R_{в.о} \approx 0{,}25 \cdot \frac{\rho_{есеп}}{\sqrt{a \cdot b}} \qquad (4.2)$$

Топырақ кедергісі климаттық аумақты ескере отырып келесі формула бойынша анықталады:

$$\rho_{есеп} = \rho \cdot n = 4{,}5 \cdot 150 = 675 Ом \cdot м$$

мұндағы n=4,5÷7,0 - оның орнының тереңдігі 0,8м кезінде берілген климаттық аумақта топырақтың салыстырмалы кедергісінің коэффициенті.

$$R_{в.о} \approx 0{,}25 \cdot \frac{675}{\sqrt{4}} = 56 Ом$$

5. Пайдалану коэффициенті K_u=0,9 кезінде тік жерлестіргіштердің жуық шамаларын анықтаймыз.

$$h = \frac{R_{в.о}}{K_u - R_u} = \frac{56}{0{,}9 \cdot 5{,}6} = 10{,}3$$ дана.

Тік жерлестіргіштер санын 10 данаға тең деп қабылдаймыз.

6. Көлденең жалғау эелеметтерінің олардың ұзындығын ескере отырып кедергілерін анықтаймыз.

Болаттан жасалған көлденең жолақтың өлшемдері:

$$R_г \approx \frac{\rho_{есеп}}{2\pi L} \cdot \ln \frac{2 \cdot L^2}{b \cdot f}, \qquad (4.3)$$

мұндағы b - пластина ені;

L - пластина ұзындығы;

f - жалғау пластиналарының ұзындығы.

$$R_г \approx \frac{675}{2 \cdot 3{,}14 \cdot 4} \cdot \ln \frac{2 \cdot 4^2}{0{,}2 \cdot 0{,}8} = 95{,}94,$$

b=0,2м, L=4м, f=0,8м.

7. Көлденең пластиналардың кедергілерін ескере отырып тік электродтардың қажет кедергілерін анықтаймыз.

$$R_в = \frac{R_г \cdot R_и}{R_г - R_и} = \frac{95{,}94 \cdot 5{,}6}{95{,}94 - 5{,}6} = 7{,}56 Ом$$

8. Қолдану коэффициентін ескере отырып тік электродтар санын анықтаймыз.

Есептеулерден электродтардың қажет саны 8 дана екені көрініп тұр.

$$m = \frac{R_{в.о}}{R_{ив} - R_в} = \frac{56}{0{,}9 \cdot 7{,}56} = 8{,}23.$$

Нәтиже: Берілген бөлімде есептелген жерлестіру талаптарды (3) қанағаттандырады және тиімді қызмет ете алады.

4.3 Санитарлы-гигиеналық шаралар

Металлургиялық цехтардың жұмысшылары санитария және гигиена ережелерін сақтау керек: жұмыстан кейін душқа түсіп және өз киімін ауыстыруы, өз уақытында арнайы киімді жууға беруі керек. Тек қана тұздалған газдалған суды ішуге рұқсат етіледі, тамақ алдында қолды жуу керек. Әр ауысымда жұмысшыларға арнайы май береді: сүт, қаймақ және т.б.

Периодты түрде барлық жұмысшылар дәрігерлік тексеруден өтеді. Жұмысшылармен жеке гигиена туралы нұсқау жүргізіледі. Сонымен қатар шудан қорғауды, жарықтандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар, лайық метеорологиялық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша шаралар жүргізіледі.

4.4 Желдету

Жалпы түрде желдету процесі бөлмеден ластанған ауаны шығару және оны таза ауамен ауыстыру болып табылады. Бөлмелердегі ауа алмасу қоршаулардың тығыз емес жерлерінен ғимараттардың ішкі және сыртқы қысымдарының айырымына байланысты табиғи желдету нәтижесінде ауа алмасу жүреді. Табиғи ауа алмасу екі процестен тұрады: ауаның бөлмеге өтуі, бұл инфильтрация деп аталады және ауаның бөлмеден сыртқа шығуы, бұл эксфильтрация деп аталады.

Ауа қозғалысын тудырушы болып табылатын желдету жүйесі механикалық (жасанды желдеткіш) деп аталады. Желдеткіштер былай бөлінеді: сыртқы ауаны бөлмеге айдайтын және ішк ауаны бөлмеден сыртқа таратын және айдайтын-таратын жүйелер, бөлмеге ауаны беруді және шығаруды ұйымдастырады.

Желдеткіш түрлері: проперлерлі; осьтік цилиндрлі барабанда; негізгі бағыттағыш қалақтары және цилиндрлі обечайкасы бар; центртепкіш.

Өнеркәсіптік желдету табиғи және жасанды болуы мүмкін. Өнеркәсіп ғимараттарының табиғи желдетілуі аз энергиялық шығынмен және ол елеулі жылуартықтығы бар цехтарда қолданылады (20 ккал/м^3/сағ жоғары). Жазда сыртқы ауа еденнен 0,3 м-ден 1,8 м дейінгі ашық терезелер, ашық қабырға ойықтары арқылы цехқа келеді. Соның нәтижесінде зиянды ауа бөлшектері сыртқа шығарылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дипломдық жобада (Балқаштағы мыс зауыт шарттарына сәйкес) мыс концентраттарын шағылысу пештерінде автоматтандырудың технологиялық үрдісіне қысқаша сипаттама берілген. Технологиялық үрдісті автоматтандыру жүйесінің құрылымы мен принциптерін тұрғызу қарастырылған. Автоматтандыру жүйесін енгізу басқару сапасын жоғарылатуға және құрылғының жұмыс режимін тұрақтандырудың арқасында механизмдердің пайдалану мерзімін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жобаны жоғары деңгейде орталықтандырумен екідеңгейлі басқару жүйесі ұсынылған. Сондай-ақ, «мыс концентраттарын шағылысу пештерінде автоматтандыру» үрдісін математикалық модельдеу облысында соңғы кездері орындалған жұмыстардың жалпы нәтижесі болып табылады және мүлтіксіз ауыстыру моделі таңдалған.

Берілгендерді компьютерлік өңдеу енгізу автоматтандыру жүйесіне басқару обьектісіндегі өзгерістеріне уақытылы әсер тигізуге. Яғни алынатын өнімнің сапасын жақсартуға алып келеді. Балқыманың тиімді технологиялық режимін ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Зерттелетін жүйенің технологиялық құралдар кешені есептеуіш техника құралдарынан және автоматтандыру құралдарынан құралады. Есептеуіш техникасы құралдары ретінде дербес электронды-есептеуіш машиналар алынған. Ол машинаның жылдам әсер ету деңгейі және жады көлемі қажетінше және солардың негізінде цехтың жалпы желісіне біріктірілген автоматтандырылған жұмыс орындары құрылған.

Автоматтандыру құралдары ретінде Германия және ТМД елдерінің өнеркәсіптерінің орындаушы механизмдері мен датчиктері ұсынылған, негізінде Siemens фирмасының микроконтроллері (Германия) Индрустриялды желіні құру үшін контроллермен бірге рұқсатталған (визуализация) жүйелер қосылған және қамтамасыздандыру құрылғыларын қосуға мүмкіндік беретін фирмасының желісі алынған.

Жобада еңбекті қорғау сұрақтарына талдау жасалған және ұсынылған басқару жүйесін өнеркәсіпке енгізу арқылы кәсіпорын ала алатын экономикалық тиімділік есептеулері келтірілген.

Мысалдар ретінде техникалық құралдарға бағдар беретін құрылымдық сұлбасы, автоматтандыру сұлбасы, ТҚК сұлбасы, сыртқы қосылыстары, мыс концентраттарын балқытуға арналған шағылысу пешінің конструктивті сызбасы берілген, сонымен қатар, үрдістің жалпы математикалық моделі және тиімді реттеуіштің моделінің плакаттары ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Деомидовский Д.А. Металлургические печи цветной металлургии - М: Металлургия, 2016.

2 Жуков В.П., Спитченко С.А., Новокрещенов С.А., Холод С.И. Рафинирование меди. Учеб.пособие.-Екатеринбург.:УрФУ, 2017.-317 с.

3 Вольский А.Н., Сергиевская Е.М. Теория металлургических процессов. Пирометаллургические процессы. Учеб. Пособие для студентов вузов по спец. «Металлургия цветных металлов».-М.: Металлургия, 2015.-344 с.

4 Т.С. Дәулетбақов, Б.С. Баймбетов. Мыс және никель металлургиясы: Оқу құралы. – Алматы ҚазҰТУ. 2003. – 146 б.

5 Бесков С.Д. Технологические расчеты. Высшая школа, 1966.

6 Технологическая инструкция СКЦ ДМЗ.

7 Теория и практика создания автоматизированных систем проектирования и управления (межвузовский сборник трудов) КазПТИ, 1986.

8 Цвиркун А.Д. Основы синтеза структуры сплошных систем. Наука, 1982.

9 Бусленко Н.П. Лекции по теории сплошных систем управления. Наука, 1973.

10 Я. Нелинейные импульсные системы. Мир, 1982.

11 Цыпкин Л.З., Попков Ю.С. Теория нелинейных импульсных систем. Наука, 1978.

12 Кишнев В.В., Иванов В.А., Тохтабаев Г.М., Афанасьев А.А. Технические средства автоматики. Металлургия, 1981.

13 Тохтабаев Г.М., Жусупбеков С.С. Нурхасимов Г.В. Структуризация задач управления технологическим комплексом производства иутилизации промышленных газов. КазПТИ, 1986.

14 Грацерштейн И.М., Малинова Р.Д. Организация, планирования и управления на предприятиях цветной металлургии. Металлургия, 2000.

15 Грацерштейн И.М., Малинова Р.Д. Экономика, организация и планирование производства в цветной металлургии. Металлургия, 1985.

16 Грацерштейн И.М., Кульницкий Л.С. Технико-экономическое проектирование предприятий цветной металлургии. – М.: Металлургия, 1972, 399с.

17 Қазақстан Республикасының Конституциясы

18 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі

19 Передерий О.Г., Микшевич Н.В. Охрана окружающей среды на предприятиях цветной металлургии. – М.: Металлургия, 1991.

20 Зубарев Ю.В., Пискунов В.А. Охрана труда в цветной металлургии. – М.: Металлургия, 1990, 360с.

21 Гудима Н.В., Шейн Я.П. Краткий справочник по металлургии цветных металлов. – М.: Металлургия, 1971, 536с.

22 Лоскутов Ф.М., Цейдлер А.А. Расчеты по металлургии тяжелых цветных металлов. – М.: Металлургия, 1965, 325с.

23 Рамантеев Ю.П. Расчеты процессов и оборудования гидрометаллургии тяжелых и цветных металлов. – Алма-Ата, 1979, 36с.

24 Злобинский Б.М. Охрана труда в металлургии. – М.: Металлургия, 1979, 570с.

25 Емельянов А.И., Капник О.В. Проектирование систем автоматизации технологических процессов. М., Энергоатомиздат, 1983

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

АБЖ	Автоматты басқару жүйесі
АБҚ	Автоматы басқару құрылғылары
ТҮАБЖ	Техникалық үрдістерді автоматы басқару жүйесі
АРЖ	Автоматты реттеу жүйесі
ББ	Басқару блогы
БКБК	Балқаш кен байыту комбинаты
ЖЕСҚ	Жедел есте сақтау құрылғылары
ТК	Тиімділеу критерииі
ТҚ	Техникалық қауіпсіздік
ТКҚ	Техникалық кешенді құрылғылар
СӨР	Санитарлық өткізуге рұқсат
СанжЕН	Санитарлық және еңбек нормалары